



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

07 тамыз 2023 жыл

Н. Ю. Хорошевская "KASE клиринг орталығы" АҚ Басқарма Төрайымы болып сайланды

"KASE клиринг орталығы" АҚ (КАСС) Директорлар кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 08 тамызынан бастап Хорошевская Наталья Юрьевна үш жылдық өкілеттік мерзімімен КАСС Басқарма Төрайымы болып сайланды.

Директорлар кеңесінің осы шешімімен Ж.Н. Саржаков КАСС Басқармасының құрамынан шығарылды, И.М. Сабитов Басқарма Төрағасының орынбасары болып сайланды.

КАСС кеңесі үш адамнан тұрады:

- Хорошевская Наталья Юрьевна – Басқарма Төрайымы;
- Сабитов Идель Марсильевич – Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Студенина Елена Викторовна – Басқарма Төрағасының орынбасары.

КАСС Директорлар кеңесінің құрамы:

- Алдамберген Алина Өтемісқызы – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- Ташметов Мирлан Жапарбекович – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор (ол болмаған жағдайда Директорлар Кеңесінің Төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлға);
- Хорошевская Наталья Юрьевна – Басқарма Төрайымы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компания туралы ақпарат

"KASE клиринг орталығы" АҚ (КАСС) 2022 жылдың 21 маусымында құрылған және Қазақстан қор биржасының (KASE) 100 % еншілес ұйымы болып табылады. 2023 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (АҚРФ) КАСС-ге қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға 3.1.8.2 нөмірімен лицензия берді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.